

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына 2009 жылдың сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда Қазақстан Республикасы азаматтарын кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 6 сәуірдегі № 187 қаулысы. Қостанай облысы Жітіқара ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 14 сәуірде № 9-10-113 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 214 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 214 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 8) тармақшасы 1 тармағы 31 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңын, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын орындау үшін, әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына 2009 жылғы сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Аудандық шақыру және медициналық комиссияларының жұмысы ұйымдастырылсын.

3. "Қостанай облысы Жітіқара ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) ұсынылсын:

- 1) облыстық шақыру пунктіне шақырушыларды әкелуді қамтамасыз етсін;
- 2) әскери қызметтен өту үшін жіберілген шақырушыларды салтанатты шығарып салу бойынша шараларын ұйымдастырсын.

4. Селолық округтердің, селолар және ауылдардың әкімдері әскери шақырылғандардың "Қостанай облысы Жітіқара ауданының қорғаныс істері

жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне аудандық шақыру және медициналық комиссиясына уақытында жеткізілуін қамтамасыз етсін және жеке бақылауына алсын.

5. "Қазақстан Республикасы ішкі істер Министірлігінің Қостанай облысы ішкі істер Департаментінің Жітіқара қаласы және Жітіқара ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскерге шақыруды жүргізу және команданы жөнелту кезінде ұсынылсын:

1) мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарып жүргендерді іздестіруді, ұстауды жүргізсін;

2) аудандық әскерге шақыру пунктінде әскерге шақырылғандар ортасында қоғамдық тәртіпті сақтау үшін полиция тәулік бойы нарядын бөлсін;

3) "Қостанай облысы Жітіқара ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің тапсырысы бойынша әскерге шақырылғандарды жөнелту кезінде, оларды шығарып салу, қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етсін және автокөлік бөлсін.

6. "Жітіқара ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі әскерге шақыруға байланысты, іс-шараларды қаржыландыруды "Әскери қызметке шақыру және тіркеу шаралары" бағдарламасы бойынша 2009 жылға арналған аудандық бюджетте қарастырылғандай қаражат есебінен жүзеге асырсын.

7. Шақыруды өткізудің (ұсынылған) кестесі бекітілсін.

8. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Ж. Ақтаеваға жүктелсін.

9. Осы қаулының бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелі күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың сәуірінде пайда болған іс-әрекеттерге таратылады.

Ж і т і қ а р а

ауданының әкімі

Қ. Испергенов

2009 жылғы 6 сәуірдегі
№ 187 әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

Шақыруды өткізу кестесі

№ р/с	Елді мекендердің аттары	Шақырылғандар саны	Шақыру комиссиясының жүргізілу күні
1	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 14 сәуір
2	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 15 сәуір
3	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 16 сәуір
4	Пригородный ауылы	20	2009 жылғы 17 сәуір

5	Забелов селосы	28	2009 жылғы 17 сәуір
6	Аққарға селосы	13	2009 жылғы 20 сәуір
7	Степной селосы	7	2009 жылғы 20 сәуір
8	Тоқтаров селолық округі	11	2009 жылғы 20 сәуір
9	Приречный селосы	12	2009 жылғы 20 сәуір
10	Волгоград селосы	9	2009 жылғы 21 сәуір
11	Мүктікөл селолық округі	10	2009 жылғы 21 сәуір
12	Большевик селолық округі	14	2009 жылғы 21 сәуір
13	Тимирязев селосы	5	2009 жылғы 21 сәуір
14	Шевченковка селосы	5	2009 жылғы 22 сәуір
15	Милютин селолық округі	10	2009 жылғы 22 сәуір
16	Чайковский ауылы	12	2009 жылғы 22 сәуір
17	Ырсай селосы	7	2009 жылғы 22 сәуір
18	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 23 сәуір
19	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 24 сәуір
20	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 27 сәуір
21	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 28 сәуір
22	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 29 сәуір
23	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 30 сәуір
24	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 4 мамыр
25	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 5 қазан
26	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 6 қазан
27	Тоқтаров селолық округі	16	2009 жылғы 7 қазан
28	Волгоград селосы	12	2009 жылғы 8 қазан
29	Мүктікөл селолық округі	12	2009 жылғы 8 қазан
30	Тимирязев селосы	12	2009 жылғы 8 қазан
31	Степной селосы	12	2009 жылғы 9 қазан
32	Шевченковка селосы	7	2009 жылғы 9 қазан
33	Милютин селосы	16	2009 жылғы 12 қазан
34	Чайковский ауылы	18	2009 жылғы 12 қазан
35	Аққарға селосы	15	2009 жылғы 12 қазан
36	Ырсай селосы	10	2009 жылғы 13 қазан
37	Забелов селосы	24	2009 жылғы 13 қазан

38	Пригородный ауылы	25	2009 жылғы 13 қазан
39	Большевик селолық округі	33	2009 жылғы 14 қазан
40	Приречный селосы	18	2009 жылғы 14 қазан
41	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 15 қазан
42	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 16 қазан
43	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 19 қазан
44	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 20 қазан
45	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 21 қазан
46	Жітіқара қаласы	50	2009 жылғы 22 қазан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК